



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 37.034

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Адильханова Лаззат Оксикбаевна
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
E – mail: ljazzat.adilkhanova@yandex.ru

Кайдаулова Галия Муртазиновна
қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
E – mail: galiya1963kay@yandex.ru

Кенжебаева Жанат Каржауовна
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
E – mail: Zhanat1234@yandex.kz

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 2 мектеп – лицейі» ҚММ
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Берілген мақаланың өзектілігі қазіргі уақыттағы білім алушылардың мақсаттарына жету. Өз білімі мен әлеуетін дамыту және қоғам өміріне белсенді қатысу үшін мәтіндерді түсіну, пайдалану, бағалау, тұжырымдау және олармен жұмыс жасай алу қабілетін тапсырмаларды орындату арқылы ашып көрсету. Зерттеу мақсаты: міндетті білім алушылардың қоғамда толыққанды қызмет етуіне қажетті білім мен дағдысы функционалдық сауаттылықты қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында өз бетімен білім ауын қалыптастырып, дамыту.

Түйінді сөздер: білім, сауаттылық, дағды, оқылым

Аннотация

Актуальность данной статьи заключается в том, что для достижения целей. Развития своих знаний и потенциала и активного участия в жизни общества обучающимся в настоящее время необходимо раскрыть умение понимать, использовать, оценивать, формулировать и работать с текстами посредством выполнения заданий. Цель исследования: формирование и развитие функциональной грамотности на уроках казахского языка и литературы, формирование самостоятельных знаний, навыков и знаний, необходимых для полноценного функционирования обучающихся в обществе.

Ключевые слова: знание, грамотность, навыки, чтение

Abstract

The relevance of this article lies in the fact that in order to achieve goals. Develop their knowledge and potential and actively participate in the life of society, students currently need to reveal the ability to understand, use, evaluate, formulate and work with texts by completing tasks. The purpose of the study: the formation and development of functional literacy in the lessons of the Kazakh language and literature, the formation of independent knowledge, skills and knowledge necessary for the full functioning of students in society.

Key words: knowledge, literacy, skills, reading

«Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс», – дейді гуманист педагог, Ыбырай Алтынсариннің шәкірті Спандияр Көбеев, пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті. Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түйсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет.

Ұстаз қауымы білімалушылардың жоғары білімді тұлғаға айналдырып тәрбиелеу керектігін өз тәжірибесінде көрсетті, осы бағы қазіргі кезде сауаттылыққа деген талаптың күшейген тұсында жеткіліксіз болып тұр. Әр азамат заманауи өндірістік құралдарымен жұмыс жасауға, үнемі білімдерін жетілдіруге дайын болуы тиіс. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтарымыздың функционалды сауаттылығына көп көңіл бөлуіміз қажет. Функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру – дамыған заманауи уақыттың талабы. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі күші – адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсу, онда тез бейімделуі және жұмыс істеу қабілеті. [1, №11, б. 109–112] Функционалдық сауаттылық негізі бастауыш сыныптарда қалыптасып, 11–сыныпты бітіргенге дейін жалғасады. Заманауи педагогтың терминологиялық сөздігінде функционалдық сауаттылық адам қызметінің барлық салаларында сауатты, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке қатысуына, шығармашылық ойлау және стандартты шешімдер табу қабілетіне, кәсіби жолды таңдай білуге, өмір сүрудің түрлі салаларында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана білуге, сондай – ақ өмір бойы оқытуға ықпал ететін факторға айналады. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын сабақта тиімді қолданудың практикалық тәжірибесі, оқушылардың жеке және жас

ерекшеліктерін ескере отырып, олардың бейімделуі мен модификациялануына дайындығы кіреді. Заманауи қазақ тілі мұғалімінің кәсіби қалыптасуындағы маңызды мәселе оның технологиялық құзыреттілігін арттыруға терең теориялық дайындық керек. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Оқушының алған білімін ұзақ уақытқа сақталып, белсенді құралға айналуы үшін, ақпарат баланың танымында ойлау үдерістері негізінде табиғи түрде қалыптасып, жүйеленуі міндеттерін жүзеге асырады. Дәстүрлі білім беру мазмұнында қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын дайындауда, оқу бағдарламаларын құрастыруда оқытудың психологиялық негіздері толық ескіріле бермеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда ХІХ ғасырдың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Адамды өмір бойы үйретуге болмайды, оны өмір бойы оқуға үйрету керек» дейді [2, б. 8–15]. Себебі білім – өмірде өз қажетін таба алатын білік пен дағды деген ойы ХХІ ғасырда өз жалғасын табуда. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы. Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

– Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

– Нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

– Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе – сөз оқу. Мысалы, келісім шарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе – сөз оқимыз.

– Сөз мағынасын контекстен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

– Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

– Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. [3, б. 16–18]

– Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу.

Функционалдық сауаттылық берілетін мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б. Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс. Мысалы, оқылымға арналған тапсырмалар құрылымы төмендегідей:

– Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын – ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

– Оқылым барысындағы тапсырма: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. [4, б. 51–56]

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беру. Сонымен қатар сұрақтар білімалушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Сабақта уақыттың тиімді пайдаланып берілген Оқылым мәтініні тез түсіну үшін мәтін алды тапсырмасында болжай білу тәсілі қолданылды. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, берілген сөз тіркестеріне назар аударады, яғни өз білімдерін қолданады бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі. Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Оқытудың интербелсенді әдістері – бұл пайдалану кезінде оқыту үдерісі жылдамдайды, білімалушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігінен жоғары болады.

Интерактивті әдістердің артықшылықтары:

1. Өз бетімен тапсырманы қабылдау ерекшеліктерін сезінуге және талқылауға мүмкіндік береді.

2. Қарым – қатынас дағдыларын дамытады, топтық тәжірибенің мәнін түсінуге көмектеседі.

3. Топ жұмысына қатысуға және өзінің қатысуын бақылауға, ережелердің құндылығын құрметтеуге, жағымды топпен өз пікірін негіздеуге және өз ұстанымын қорғауға көмектеседі. Шешім қабылдауда өз әрекеттерін келісіп жүзеге асыруға көмектеседі.

4. Дайын емес, тікелей тәжірибе арқылы алынған білімді пайдалануға үйретеді.

Функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырманың үлгісі:

Мамамандық

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. «Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жетеді. Мамандық пен өнерді өз қабілетіне де қарай таңдап алады. Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Халық алдына шығып ән салатын әнші болу. Адам өмірінің арашасы болатын ақ халатты дәрігер болу. Шәкірттерді білімге жетелейтін ұстаз болу. Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Түрлі мамандықта еңбек етіп жүрген адамдардың өмірімен танысады. Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, журналист болу үшін оқу керек. Бақташы, сауыншы, егінші, шопан болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндірісте істеу керек. Балалық шақ пен болашақ әрқашан үндесіп жатады. Болашаққа апаратын тура жол балалық шақтан басталады. [5, б. 67]

Мен мұғаліммін. Осы мамандықты жас кезімнен жақсы көремін. Әкем дәрігер болғанымды қалады, алайда мен мұғалімдік мамандықты таңдадым. Менің бұл мамандықты таңдауыма Жүсіпов Өміртай деген мектептегі ұстазым әсер етті. Өміртай аға өте білімді, бірақ қатал мұғалім болатын. Ағай бізге көп талап қоятын, сөйтсе де біз ағайды өте сыйлайтынбыз.

Қазір мен мектепте де, институтта да сабақ беремін. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Үйге шаршап келемін, ертеңіне жұмысқа қуана тұрамын. Себебі мені қанша көздер бүгін не айтар екен деп күтіп отырған жоқ па? Мұғалім болған қиын, сонда да өте құрметті жұмыс. [6, www. egemen.kz]

Тапсырмалар:

Оқылым алдындағы тапсырма:

1. Білімалушылар мәтін не туралы айтылған атауына қарап, мәтіннің не туралы екенін болжайды.

2. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды.

Оқылым барысындағы тапсырмалар:

1. Мазмұн бойынша сұрақтар;

«Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» деген ойды қалай түсінесің?

2. Мәтін мазмұнындағы басты идеяны көрсететін тірек сөздерді табыңыз:

A) жұмыс, үй, сабақ

B) таңдау, үй, білім

C) дәрігер, ұстаз, жұмыс

D) білім, жұмыс, мамандық

E) мамандық, білім, мектеп бітіруші, институт

3. Дұрыс жауабы бар сөйлемді көрсетіңіз:

A) Жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болады

B) Барлық адам баласының арманы болмайды

C) Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты.

D) Мамандықты жас кезімнен жақсы көрген емеспін

E) Мұғалім болған қиын емес, бірақ өте құрметті жұмыс.

4. Мәтіннен мына сөздердің синонимін табыңыз:

Оқу –

кісі –

оқушы –

қызмет –

келешек –

Оқылымнан кейінгі тапсырмалар:

Тапсырмалар мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары ретінде құрастырылды. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай етіп ұйымдастырылды. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алады. Оқушылар жұптарға бөлінеді. (Мұғалім сөздік қоры аздау оқушы мен сөздік қоры молдау оқушыны жұптастырады. Жұпта сұрақтарды өзара талдайды). «Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» дейді халық осы оймен келісесіз бе?

1. Арманшылдықтың нәтижесі болашақта қандай болады?

2. Мамандықты таңдай білу адамның басты міндеті ме, әлде уақытша қызығушылығы оянғанға дейінгі жұмысы ма ойыңызды толық өрбітіп жазыңыз.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқылым дағдыларын дамыту үшін тапсырмаларды жүйелі құрастырудың маңызы зор. Оқылым дағдыларының ерекшеліктерін меңгеру – оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады. Оқушының тілдік дағдысын қалыптастыру арқылы пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Ендеше оқушының функционалдық сауаттылығындағы белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б да арта түспек. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етіп, адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы, қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. [7, www.kazahdebieti.kz]

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. Алматы: №11, 2004 ж. 109–112 б.
2. Оспанұлы С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай: «Шапақ», 2006 ж. 8–15 б.
3. Даулеткалиева, Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту Р.Л.Даулеткалиева. Текст: непосредственный // Молодой ученый. 2017. №18.1 (152.1). 16–18 с.
4. Көкішев Т. Дәуір дидагы Алматы, 1985 ж., 51–56 б.
5. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы. Т.1 121–67 б.
6. www.egemen.kz
7. www.kazahdebieti.kz

УДК 371

Ы.АЛТЫНСАРИН И ПРОФЕССИОНАЛЬНО – ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ИСТОКИ СИСТЕМЫ, ПРИМЕНЕНИЕ ПРИЕМОВ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ В УЧЕБНО – ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕДЖА

Айсина Алия Габбасовна
преподаватель специальных дисциплин
КГКП «Костанайский строительный колледж»
г. Костанай, Казахстан
E – mail: aliya1567@mail.ru

Аннотация

Актуальность и цель. Статья посвящена вкладу Ы.Алтынсарина в становление профессионально – технического образования Казахстана. В статье рассматривается педагогическое наследие великого просветителя в контексте с современными подходами к организации учебно – воспитательного процесса колледжа. Показана актуальность приемов народной педагогики в практике современного образования.

***Ключевые слова:** просветитель, профессиональное образование, ремесло, полиязычное обучение.*

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Мақала Ы.Алтынсариннің Қазақстанда кәсіптік білім беруді қалыптастыруға қосқан үлесіне арналған. Мақалада ұлы ағартушының педагогикалық мұрасы колледждің оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудағы заманауи көзқарастар тұрғысынан қарастырылады. Қазіргі білім беру тәжірибесінде халықтық педагогика әдістерінің өзектілігі көрсетілген.

***Түйінді сөздер:** ағартушы, кәсіптік білім беру, қолөнер, көптілді білім беру.*

Abstract

Relevance and goal. The article is devoted to the contribution of Y.Altynsarin to the formation of vocational and technical education in Kazakhstan. The article examines the pedagogical heritage of the great educator in the context of modern approaches to the organization of the educational process of the college. The relevance of the methods of folk pedagogy in the practice of modern education is shown.

***Key words:** educator, vocational education, craft, multilingual education.*

В жизни каждого народа есть имена, оставившие неизгладимый след в истории его культуры. Имена людей, по отношению к которым понятие «прошлое» не применимо. Эти люди всецело принадлежат не только своей эпохе, но и последующим поколениям.

В 2021 году мы отмечали 180–летие со дня рождения Ы.Алтынсарина – нашего земляка: замечательного сына казахского народа, первого национального просветителя, выдающегося представителя передовой общественной мысли в Казахстане.